

Шал ақын ауданы мәслихатының кейбір шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 35/4 шешімі

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40 бабы 2 тармағы 4) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Шал ақын ауданының аумағында жер телімдері үшін ақылардың базалық төлемақыларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" Шал ақын ауданы мәслихатының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 26/4 шешімінің күші жойылды деп саналсын (2010 жылғы 6 тамыздағы мемлекеттік тіркеу реестрінде № 13-14-104 тіркелген, "Парыз" газетінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 35, "Новатор" газетінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 35 санында жарияланған).

2. Шешімнің көшірмесі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестріндегі сәйкес жазбаларға енгізу үшін Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментіне жолдансын.

3. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы
мәслихатының
XXXV сессиясының төрағасы*

Қ. Сақтанов

*Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы
мәслихатының хатшысы*

Н. Дятлов